

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 қаңтардағы N 25 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 27 ақпандағы N 158

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Тұран Әлем Банкі" жабық акционерлік қоғамын жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 қаңтардағы N 25 Р980025_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтағы "кемінде 51 процентін" деген сөздер "100 процентін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "25 қаңтарына", "25 ақпанына" деген сөздер тиісінше "23 ақпанында", "23 наурызына" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі